ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

Ақтөбе

1924-2024 ЖЫЛ

1924 жылдың 7 маусымынан бастап шығып келеді
www.aqtobeqazeti.kz, aktobegazeti@mail.ru

ЖҮЗ ЖЫЛ ЖЫЛНАМАСЫ

№42 (21.480)
24 мамыр 2024 жыл, жұма



МУЗЕЙ ТҮНІ

Ақтөбе қаласының 155 жылдығы мен облыстық тарихи-өлкетану музейінің 95 жылдығы аясында Халықаралық музейлер күніне арналған «Музей түні - 2024» мәдени іс-шарасы ұйымдастырылды. Биыл да жылдағыдай Музей түніне тамашалауға келгендердің қарасы көп болды. Әсіресе жастар мен студенттер, оқушылар көп келді. Мерекелік іс-шарада халық әндері шырқалып, қыш құмыра жасаудан, сурет салудан шеберлік сабақтары өтті. Сондай-ақ Кеңес Одағының Батыры Әлия Молдағұлованың облыстық мемориалды музейінің мамандары келушілерге соғыс тақырыбындағы әндерді караокемен айтқызып, ідістіру тобы талқан соғыс кезінде қолданылған заттардан және музей қорындағы жәдігерлерден көрме жасақтаса, облыстық өнер мұзейі «Мың боянды Мақпыстау» көрмесін мен «Білезік» атты симпозиумын өткізді.

Байғанин, Шалқар, Мұғалжар аудандық музейлер тақырыптық және ауыл шаруашылығы өнімдерінің көрмелерін ұйымдастырды. Мәселен, Шалқар аудандық тарихи-өлкетану музейінің қызметкерлері XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында қолданыста болған шеберлерінің тәл туындыларын таныстырды.

— Шалқар аудандық музейінде 12 726 экспонат сақтаулы. Осы іс-шараға музей қорындағы саптама етіктерді алып келдік. Музейдегі ерекше жәдігердің бірі — Қазақстанның Еңбек сіңірген артисі Бақыт Жанғалиеваның сахналық қойылым кезінде киген мәсісі. Етікші мәсіні тікхенде, ең алдымен, мәсінің басын, қонышын жұқа былғарыдан пішіп алады. Осыдан кейін мәсінің қонышын тігеді. Мәсінің қонышын құсырғанда тігістің алдына жіңішке сыздық салады.

Қазақтың ұлттық өнер туындылары мәдениетіміздің айшықты бір белшегі болып есептеледі. Осындай бағалы дүниелеріміздің сақтауымыз керек, — дейді есепке алу жөніндегі мұрағатшы Гүлсім Сансызбаева.